

## **Экстернат және онлайн-оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 530 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 9 қазанда № 17513 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.09.2022 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Экстернат және онлайн-оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының қоса беріліп отырған Тізбесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.09.2022 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ә.Ж. Тойбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электронды түрдегі көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 2 қазандағы  
№ 530 бұйрығымен  
бекітілген

**Экстернат және онлайн-оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесі**

**Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.09.2022 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Код	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағытының атауы
Экстернат нысанында:	
Жоғары білім берудегі дайындық бағыттары – бакалавриатта:	
6B061	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
6B062	Телекоммуникациялар
6B071	Инженерия және инженерлік іс
6B072	Өндірістік және өңдеу салалары
6B073	Сәулет және құрылыс
6B074	Су шаруашылығы
6B075	Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
6B081	Агрономия
6B082	Мал шаруашылығы
6B083	Орман шаруашылығы
6B085	Жерге орналастыру
6B086	Су ресурстары және суды пайдалану
6B091	Ветеринария
6B101	Денсаулық сақтау
6B102	Әлеуметтік қамтамасыз ету
6B111	Қызмет көрсету саласы
6B112	Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау
6B113	Көлік қызметтері
6B121	Әскери іс
6B122	Ұлттық қауіпсіздік

6B123	Қоғамдық қауіпсіздік
Онлайн-оқыту нысанында:	
Жоғары білім берудегі дайындық бағыттары – бакалавриатта:	
6B011	Педагогика және психология
6B012	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы
6B013	Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау
6B014	Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау
6B015	Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
6B016	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау
6B017	Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
6B018	Әлеуметік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
6B019	Арнайы педагогика
6B071	Инженерия және инженерлік іс
6B072	Өндірістік және өңдеу салалары
6B073	Сәулет және құрылыс
6B074	Су шаруашылығы
6B075	Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
6B021	Өнер
6B055	Геология
6B091	Ветеринария
6B101	Денсаулық сақтау
6B121	Әскери іс
6B122	Ұлттық қауіпсіздік
6B123	Қоғамдық қауіпсіздік
Жоғары білім берудегі дайындық бағыттары – магистратура:	
7M011	Педагогика және психология
7M012	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы
7M013	Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау
7M014	Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау
7M015	Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
7M016	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау
7M017	Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
7M018	Әлеуметік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
7M019	Арнайы педагогика
7M071	Инженерия және инженерлік іс

7M072	Өндірістік және өңдеу салалары
7M073	Сәулет және құрылыс
7M074	Су шаруашылығы
7M075	Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
7M021	Өнер
7M055	Геология
7M091	Ветеринария
7M101	Денсаулық сақтау
7M121	Әскери іс
7M122	Ұлттық қауіпсіздік
7M123	Қоғамдық қауіпсіздік
Жоғары білім берудегі дайындық бағыттары – резидентурада:	
7R011	Денсаулық сақтау
Жоғары білім берудегі дайындық бағыттары – докторантурада:	
8D011	Педагогика және психология
8D012	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы
8D013	Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау
8D014	Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау
8D015	Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
8D016	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау
8D017	Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
8D018	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
8D019	Арнайы педагогика
8D071	Инженерия және инженерлік іс
8D072	Өндірістік және өңдеу салалары
8D073	Сәулет және құрылыс
8D074	Су шаруашылығы
8D075	Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
8D021	Өнер
8D055	Геология
8D091	Ветеринария
8D101	Денсаулық сақтау
8D121	Әскери іс
8D122	Ұлттық қауіпсіздік
8D123	Қоғамдық қауіпсіздік

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК